

ҚР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒА БҚАТУ

ЭПИЗОТОЛОГИЯ, ПАРАЗИТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ВСС кафедрасы

**ВЕТЕРИНАРЛЫҚ КӘСІПКЕРДІҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНА АҚЫЛЫ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ЖОБАСЫН ҚҰРАСТЫРУ**

Аға оқытушы: ҚАРЖАУОВ А.Ғ.

ОРАЛ, 2016

Дара ветеринарлық кәсіпкердің шаруа қожалығына ветеринарлық ақылы қызмет көрсету келісім шартының жобасы.

1.Преамбула

2.Келісім шарттың мәні

3.Ветеринарлық кәсіпкердің міндеттері

4.Шаруа (ШҚ) қожалығының міндеттері

5.Келісім шарт бағасы және төлем шарттары

6.Тараптардың жауапкершіліктері

7.Келісім шарттың қолдану мерзімі

8.Тараптардың реквизиттері, қалтаңбалары, мөрлері

Келісімшарт

Жәнібек ауылы

№7

10.02.2016

**Біздер, төмендегі қол қоюшылар,
ветеринарлық кәсіпкер Е.Е. Ермеков және
«Ұшқын» ШҚ басшысы М.Х. Хасенов
келісім шартқа отырдық.**

Келісім шарттың мәні.

«Ұшқын» ШҚ тапсырыс береді, ал ветеринарлық кәсіпкер Е.Е. Ермеков ветеринарлық қызмет көрсетеді және ШҚ ветеринарлық сәттілігін қамтамасыздандыру үшін ветеринарлық профилактикалық және емдеу жұмыстарын өткізеді.

Ветеринарлық кәсіпкердің міндеттері:

- 1. Шаруа қожалығындағы 12 000 бас құстарға, 3 000 бас ірі қараға, 5 000 бас шошқаларға, 500 бас жылқыларға, 20 000 бас қой-ешкілерге ветеринарлық-санитарлық кешенді қызмет көрсетеді .**
- 2. ҚР-ның ветеринарлық заңнамасына сәйкес жасалған ветеринарлық - профилактикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жоспарында көрсетілген мерзімдерінде барлық жұмыстарды және жұқпалы емес ауруларды емдеу жұмыстарын сапалы өткізу.**
- 3. Ветеринарлық-санитарлық нұсқауларға сай патологиялық материалды, қан сарысуын, жем-шөптің және судың сынамаларын алып, зерттеулер жүргізу үшін ветеринарлық зертханаға жеткізу. Зерттеулер нәтижесінде анықталған жағдайларға байланысты ШҚ басшысына ұсыныстар беру.**
- 4. Аналық малдардың гинекологиялық ауруларына қарсы жұмыстарды жүргізу, ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып аналық малдардан төл алуды көбейту.**
- 5. Ауру малдарға уақытында тиімді ветеринарлық препараттарды және әдістерді қолдануымен емдік көмек көрсету.**

6. Шаруа қожалығының мал сою бекетінде сойылған мал өнімдеріне алғашқы ветеринарлық санитарлық сараптама жасау, қажетті құжаттарды беру.

7. Жануарлар шикізаттарын өңдеу объектілерінде және шаруашылықта зоогигиеналық, ветеринарлық – санитарлық ережелерін талаптарға сай орындалуына ветеринарлық кеңес беру.

8. Жануарларды сауықтыру және емдеу әдістерінде жаңа, тиімді биопрепараттарды, дәрі – дәрмектерді, дезинфекциялық заттарды, ветеринарлық құралдарды, жабдықтарды пайдалануды қамтамасыздандыру.

9. Жалға алған бөлмелерді, жабдықтарды және мүлікті тиісті түрінде ұстау және ветеринарлық заттарды уақтылы жөндеу.

10. Шаруа қожалығында жұмыс жасайтын жұмысшылардың ветеринарлық білімін кеңейтуге көмек жасау.

«Ұшқын» ШҚ әкімшілігінің міндеттері.

1. ҚР «Ветеринария» туралы заңының талаптарына сәйкес жануарларды бағып-күту, сапалы жем-шөппен азықтандыру, зоогигиеналық және ветеринарлық санитарлық ережелерін қатаң сақтау.

2. Шаруашылықтың қора-жайларының барлық кіреберістерінде дезинфекциялық тосқауылдарды орнату және оларды жұмыс жағдайында ұстау.

3. Арнайы ветеринарлық жұмыстарды өткізу үшін қолайлы өндірістік жағдай жасау, шаруашылықта қажетті ветеринарлық санитарлық объектілерді қондыру (жануарлардың өңдеу алаңы, ауру малдарды оқшаулау және емдеу бөлмелері, мал сою пункті, өлексені жарып қарау бөлмелері).

4. Жоспарлы профилактикалық және шарасыз емдеу жұмыстарын жасаған кезде жануарларды ұстап, байлауын ұйымдастыру үшін қосымша жұмыс күшімен қамтамасыз ету.

5. Шаруа қожалығына ветеринарлық препараттарды және ветеринарлық жұмысқа қажетті заттарды әкелу үшін автокөлік бөлу.

6. Дезинфекция, дезинвазия, дератизация және дезинсекция өткізген кезде дезинфекциялық техникаларды жанар және жағар майларменмен ақылы негізде қамтамасыздандыру, сонымен қатар техникалық қызмет көрсету.

Келісім шарт бағасы және төлем шарттары.

- 1. Нарықтағы жағдайға байланысты ветеринарлық қызмет көрсету бағасы әр тоқсан сайын қосымша кесім арқылы белгіленеді.**
- 2. Ветеринарлық қызмет көрсетілгеннен кейін кесім жасалады, оған ШҚ басшысы мен веткәсіпкер қол қойып мөр басады.**
- 3. ШҚ кесім жасалғаннан кейінгі үш күн ішінде веткәсіпкердің есепшотына банктік аударым арқылы есеп айырысады.**
- 4. Есеп айырсу ұлттық валюта – теңгемен жүргізіледі.**

Тараптардың жауапкершіліктері.

- 1. «Ұшқын» ШҚ және веткәсіпкер Е.Е.Ермеков келісім – шарттын талаптарын уақытында және сапалы орындалуына жауапты.**
- 2. «Ұшқын» ШҚ веткәсіпкер эпизоотияға қарсы профилактикалық және ветеринарлық – санитарлық жұмыстарын уақытында және сапалы өткізсе, жұмыстың орындалуы жөніндегі актіге қол қоюға және үш жұмыс күні ішінде келісілген еңбек ақысын төлеуге тиіс. Осы шарттарды бұзған жағдайда «Ұшқын» ШҚ әр өткен күн сайын келісілген сомманың бір пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.**
- 3. Веткәсіпкер Е.Е. мал ауруларын емдеу және профилактикалық жұмыстарын келісілген мезгілде өткізбесе әр өткен күн сайын келісілген сомманың бір пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.**
- 4. «Ұшқын» ШҚ жануарлардың жұқпалы емес аурулары бағып күту технологиясын бұзу немесе сапасыз азықтандыру негізінде шықса, онда бұл жануарларды емдеу үшін шыққан қосымша шығындарды өтейді.**
- 5. Келісімшартпен жұмыс істеу барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселе келіссөздер арқылы шешіледі, егер талаптар бір мәмілеге келе алмаса келіспеушілік сот арқылы шешіледі.**

Шартың қолдану мерзімі.

Келісім – шарт 2016 жылғы 10 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін қолданылады. Егер осы жылдың 31 желтоқсанына дейін келісім шартты тоқтату немесе өзгерістер енгізу жайлы келісуші тараптар жағынан ұсыныстар болмаса, келісім шарт келесі жылға ұзартылған болып есептеледі.

Тараптардың мекен – жайы, есепшот номерлері

«Ұшқын» ШҚ

**Веткәсіпкер
Ермеков Е.Е.**

Тараптардың қолтаңбалары мен мөрлері.